

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ҒИЛМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫ

БЕКІТЕМІН
Ректор Мухаммад аш-Шаххат
әл-Жинди
« 29 » 03 НУР-МУБ. 2024 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(2024 жылы оқуға қабылданғандар үшін)

Білім беру саласының коды және классификациясы: 7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 7M022 Гуманитарлық ғылымдар

Бағдарлама атауы: 7M02202-«Дінтану»

Бағдарлама деңгейі Магистратура 7 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері)/СБШ (Салалық біліктілік шеңбері)/БХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)

Берілетін дәреже: «7M02202-Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі

Кредиттердің жалпы көлемі: 120 кр / 120 ECTS

Оқу мерзімі: 2 жыл

АЛМАТЫ, 2024

ДІНТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері

«Дінтану» білім беру бағдарламасы бәсекеге қабілетті, төзімділік ұстанымдарынан хабардар, білікті, дінтану саласында бекем білімге ие мамандарды дайындауды қамтамасыз етіп, кәсіби тілде өндірістік міндеттерді қалыптастырып, заманауи технологияларды қолдана отырып олардың шешімін табуға бағыттайды. Бұл білім беру бағдарламасы бәсекеге қабілетті, заманауи талаптарға сай жоғары білімге ие мамандарды дайындап, жалпы адамзатқа ортақ, рухани құндылықтардың қалыптасып, орнығуына және магистранттардың поликонфессионалды қоғамды құруға, ондағы тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға саналы түрде атсалысуына үлес қосуға негізделеді.

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша магистр дәрежесін алған ізденуші ғылыми және практикалық зерттеулер жүргізу, діни зерттеулер және талдау, мониторинг, кеңес беру, медиация, оқыту, қарым-қатынас, мәдени және білім беру секілді қызметтерді атқаруға құзіретті болып, Қоғамдық келісім комитеті, Дін істері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы, барлық деңгейдегі әкімдіктердің ішкі саясат бөлімі секілді мемлекеттік мекемелерде, жекеменшік оңалту, оқыту орталықтарында кәсіби қызметін жалғастыруға мүмкіндік алады. Заманауи еңбек нарығының талаптарына сай, жұмыс берушілердің сұраныстарына толыққанды жауап беретін, жеке және топтық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін, қоғам сұранысына дер кезінде лайықты шешім ұсынатын, тәуелсіз сарапшы қызметін атқарып, жоғары білім беру мекемелерінде қызмет атқара алатын білікті маман қалыптасады.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

Қазіргі қоғамдағы діннің рөлі мен дінтану негіздерін зерттей отырып, діни құбылыстар мен діннің мәнін кәсіби тұрғыдан талдайтын, дін саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды сапалы жүзеге асыратын, заманауи ғылыми-зерттеулік, педагогикалық құзіреттерге ие, еңбек нарығында бәсекеге сай, теориялық және практикалық білімі жоғары, білікті маман даярлау.

Негізгі құзіреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынадай негізгі құзіреттіліктерді меңгеріп шығады:

- (НҚ1) Дүниетанымдық, әлеуметтік және жеке тұлғалық маңызы бар философиялық мәселелерді талдау;
- (НҚ2) Теоретикалық дінтанулық білімді және ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін тәжірибе жүзінде қолдану;
- (НҚ3) Өз қызметі барысында нормативтік-құқықтық құжаттарды еркін қолдану;
- (НҚ4) Дінтанулық тақырыптарда өткізілетін ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарларда оқылатын ғылыми баяндама мәтіндерін өз бетімен дайындау;
- (НҚ5) Оқу үдерісіне арналған оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарды қолдана білу;
- (НҚ6) Қоғамдық-ақпараттық қызметтерді атқару;
- (НҚ7) Дінтану саласында кәсіби дәйектеу мен түрлі пікірлердің логикалық сараптамасын жасай алу.

- (НҚ8) Батыс пен Шығыс діни ойлары мен философиялық танымы арасындағы байланысты көрсетіп, әлемдегі діндердің қасиетті мәтіндерімен жұмыс жасай алу.

Оқыту нәтижелері (ОН):

Аталмыш бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

- (ОН1) Дінтану саласындағы жаңа зерттеулерді оқу, түсіндіру, ұйымдастыру. Отандық және халықаралық деңгейдегі дінтанудың заманауи мәселелерін зерттеу, еліміздегі конфессияаралық қатынастарды нығайтуға ат салысу
- (ОН2) Ағылшын тілін кәсіби салада пайдалану, ағылшын тілді дереккөздері, дінтанулық бағыттағы материалдарды талдау, ағылшын тілінде ғылыми еңбектерге мақалалар дайындау.
- (ОН3) Іскерлік қатынаста пәнаралық білім және кроссфункционалдылық таныту, мемлекеттік басқару саласында діни жағдайды сауатты талдау, тез шешім қабылдай білу, практикада тиімді басқару психологиясын терең меңгергендігін көрсете білу, ресурстарды және уақытты ұтымды пайдалануға қабілетті болу.
- (ОН4) ЖОО Дінтану саласында педагогикалық білімін теорияда және практикада қолдану, инновациялық педагогикалық методтарды пайдалану, сандық технологияны қолдануда біліктілігін көрсету.
- (ОН5) Дінтану ғылымындағы дін феноменологиясы, дін психологиясы бағытындағы классикалық және заманауи ғылыми концепцияларды терең меңгерген, діни сананың қалыптасуы мен дамуы мәселесін ғылыми тұрғыдан талдау арқылы, діни тұрақтылықтың сақталуына, қауіпсіздігіне қызмет етеді. Жаңа діндарлық феноменін түсіндіреді, қазіргі заманғы діни сенімнің мәнін зерттей отырып, қоғамдағы діндарлық құбылысын бағалайды. Діндарлықтың психологиялық аспектілерін жан жақты талдайды.
- (ОН6) Дінтанулық сараптамалық қызметті жүзеге асыру, діни және дінтанулық әдебиеттерді сараптау, талдау, сұрыптау. Дін және мемлекет қатынасындағы халықаралық, мемлекеттік құқықтық құжаттарды талдау және іс-жүзінде қолдану. Діни фанатизм, экстремизм мен терроризмнің алдын алуға білікті болу.
- (ОН7) Араб тіліндегі дерек көздерді, қолжазбаларды, діни мәтіндерді, ғылыми және әдеби материалдарды пайдалану. талдау. Араб тілінде ауызша және жазбаша ойын еркін жеткізу.
- (ОН8) Дінаралық және конфессияішілік қатынастардың дамуына ықпал ету, қақтығыстардың алдын алуға қатысты іс-шараларды ұйымдастыру, толерантты қоғам қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру.
- (ОН9) Діни радикалсыздандыру, оңалту, дінтанулық сауаттылықты арттыру бойынша қызметтерді жүзеге асыру.
- (ОН10) Теологиялық әдебиеттердің негізгі мазмұнын, тарихын, мәтінге қатысты сын-пікірлерді талдау. Діни жазбаларды және зерттеулерді талдауда, сараптауда, интерпретациялауда практикалық дағдыларды қолдану
- (ОН11) Дін антропологиясының тарихы мен теориясында, терминологиялық аппаратында, методологиялық базасында терең білімін көрсету, әлемдік діндердің тарихи-мәдени ерекшелігін атап көрсету, түрлі діни танымдар арасында толерантты қарым қатынас орнатуды жүзеге асыру.

- (ОН12) Исламдағы қазіргі ағымдар мен бағыттардың пайда болуын, таралу себептерін түсіндіру, ерекшеліктерін анықтау. Қоғамдағы жаңа исламдық бағыттардың дамуын және тәуекелдік қаупін бағалау, өзіндік ой тұжырымдарын, шешімдерін ұсыну. Қазіргі таңдағы шығыстанушылардың Құран зерттеулерін игере отырып, теологиялық алауыздықтың алдын алады. Исламдағы қасиетті мәтіндерді жетік түсіндіреді, ажыратады, еркін талдайды. Тәпсір ілімінің әдістерін қызметінде жетік қолданады.
- (ОН13) Жаңа діни ағымдарды сипаттау, әлеуметтік мәдени рөлін анықтау. Қазақстанда және әлемдегі дәстүрлі діндер мен жаңа діни ағымдардың ілімдері мен діни ғұрыптарын, дәстүрлі діндердің жаһандану мен модернизация үдерістеріне қатынасы мен ұстанымдарын талдауды, сонымен қатар діни плюрализм және қазіргі заманғы саяси-әлеуметтік доктриналардың қазіргі діндерге ықпалын зерттеуді, халықаралық және шетелдік тәжірибелерді ескере отырып шешімдер қабылдауды ұйымдастыру.
- (ОН14) Ғылыми зерттеу жүргізудің классикалық және инновациялық әдістері мен әдіснамасын қолдану. Кәсіби біліктілігін арттыру, шет тіліндегі дереккөздерді салыстырамалы талдауда қабілетін, дағдыларын дамыту. Отандық және халықаралық деңгейде ғылыми зерттеулер, диссертация, мақала әзірлеу, қорғау, дайындау.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын күзiреттiлiктер	Оқыту әдiстерi
Ғылым тарихы мен философиясы	Ғылым тарихы мен философиясы	Осы пәнді игеріп шыққан білім алушы ғылым тарихы мен философиясындағы саласындағы заманауи білімдерді меңгеріп шығады әлеуметтік-мәдени контекстегі және оның тарихи дамуындағы ғылымның мәнін ашып түсіндіре алады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.
	Шетел тілі (кәсіби)	Ауызша және жазбаша кәсіби бағытталған мәтіндердің функционалды ерекшеліктерін біледі. Кәсіби қарым-қатынаста қабылданған құжат жүргізудің негіздерін практикалық түрде меңгеріп шығады.	Білім алушыларды оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын оқыту әдісі студенттердің оқыту үдерісіне рефлексивті көзқарасына негізделеді және құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған оқыту әдістері.

	Басқару психологиясы	Курсты сәтті аяқтаған білім алушы басқаруды ұйымдастырудың психологиялық үрдістерін игереді. Тиімді басқару арқылы мақсат етілген нәтижеге қол жеткізуді меңгереді.	Пәнді жүргізуде интерактивті тәсілдер (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.
Педагогикалық практика	Жоғары мектептің педагогикасы	Жоғарғы оқу орындарындағы талап етілетін педагогикалық шеберліктің қырларын, тәсілдерін теориялық және практикалық тұрғыда игереді. Жоғары мектеп мекемелерінде сабақ берудің талаптарымен танысып, іс жүзінде сай болуға бағытталады.	Білім алушылардың педагогикалық шеберлігін, ұстанымдарын қалыптастырып, қажетінше бағыт-бағдар ұсынуға негізделген әдіс-тәсілдер қолданылады.
	Педагогикалық практика	Пән бойынша сабақтан тыс жұмыс жүргізудің кәсіби және педагогикалық дағдыларын игереді. Білім алушыларға жеке көзқарастарды қалыптастыру әдістемесін игереді. Нашар және жақсы оқитын студенттермен педагогикалық жұмыс істеу жолдары мен әдістерін меңгереді.	Педагогикалық шеберлікті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.
Діни мәтіндер мен әдістер	Қазіргі заманғы дін феноменологиясы мен психологиясының өзекті мәселелері / Қасиетті мәтіндер экзегетикасы	Діни мәтіндердің түрлі экзегетикасына салыстырмалы талдау жасауға дағдыланады. Діни мәтіндерді түсініп, классикалық, жаңа көзқарастармен түсіндірме жасай алады.	Теориялық курсты оқытуда дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдер, салыстырмалы-тарихи әдіс, салыстырмалы әдістер қолданылады.
	ҚР дінтанулық сараптама мен діни оңалту жұмысын жүргізудің бағыттары/ Дінтанулық сараптама әдістемесі	Курсты игеру арқылы магистрант дінтанулық сараптама жасаудың әдіснамасы мен діни оңалту жұмыстарын жүргізудің әдіс-тәсілдері туралы теориялық білімді игереді. Дінтанулық сараптама жасаудың спецификасын меңгеру барысында діни оңалту	Курсты жүргізуде пікір алмасу, семинар, пікір таластыру, топпен жұмыс істеу, тестілеу, анкеталық сауалнама, сараптама жасау арқылы, мақсатты

		жұмыстарындағы негізгі әдістер мен тәсілдерді меңгеру арқылы білімгер діни оңалту жұмыстарын жүргізудің бағыттарымен танысады.	нәтижелерге қол жеткізіледі.
	Қасиетті мәтіндердің герменевтикасы/ Діни қолжазбалар	Діни мәтіндермен араб тілінде жұмыс істеу арқылы лингвистикалық және кәсіби құзіреттіліктер қалыптасады. Орта Азиядан XIII ғасырда шыққан ғалымдардың қолжазбаларынан Ханафи мазхабының дәлелдерін түпнұсқадан оқи алады.	Лингвистикалық, ұлттық-мәдени, коммуникативті, прагматикалық қасиеттерді ескере отырып, діни мәтінді дискурсивті талдау әдістері қолданылады.
Қазіргі дінтану ғылымы	Қазіргі дінтанудың мәселелері	Қазіргі дінтанудың пәнаралық сипатын және осыдан туындайтын парадигмалық принциптерді тұжырымдай алуға қабілетті болады; қазіргі заманғы дінтанудың категориялық аппараты мен ұғымдарын дін саласында туындайтын мәселелерді сараптау мен талдауда қолдана алады.	Пәнді оқытуда мәселеге бағытталған оқыту әдісіне басымдылық беріледі және сонымен қатар дуалды білім беру технологиясы қолданылады.
Дін антропологиясы	Зерттеу практикасы	Зерттеу практикасында білім алушылар ғылыми-зерттеу жұмысының ұйымдастырылу кезеңдерімен танысады. Ғылыми-зерттеу нәтижелерін мерзімдік басылымдарға жариялау үдерісін меңгереді.	Зерттеу орталықтары мен мекемелеріне білімгерлерді бағыттау арқылы олардың ғылыми потенциалын көтеруді мақсат еткен іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.
	Дін антропологиясының тарихы мен теориясы	Дін антропологиясының тарихы мен теориясы пәнін меңгеріп шыққан магистрант философияның заманауи проблемаларын, оларды шешудің нақты жолдарын көрсете біледі және тәсілдерін негіздей алады ғылыми зерттеу жұмыстарының нақты міндеттерін өз бетінше қалыптастыра алады және терең зерттеу жұмысын жүргізе білуге қол жеткізеді.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.

Ислам және қоғам	Исламдағы ағымдар мен бағыттар / Қазақстандағы діни ағымдар	Мәзһабтардың пайда болуына әсер еткен әлеуметтік, саяси, діни және мәдени алғышарттарды ғылыми негізде көрсете алады . ҚР діни қызметін жүргізіп, отырған діни бірлестіктердің тарихы және қызметімен теориялық тұрғыда толық танысады.	Пәнді жүргізу кезінде білімгердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық сұрақтар, белсенді әдістер қолданылып, оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
	Ғылыми-зерттеу әдістері мен әдіснамасы/ Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	Пәнді толық игерген білімгер ғылыми зерттеу жүргізу терминологиясын, әдістері мен әдіснамасын меңгереді. Сонымен қатар ғылыми зерттеуді ұйымдастыру мен жоспарлау жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастырып, ғылыми үдерістерге қажетті сараптамалық материалдарды дайындап, олардың нәтижесіне баға бере алады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданылады (ғылыми ақпаратты өңдеу, белгілі жағдайларды қарастыру, бизнес-тренингтер) және де магистранттардың кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында оқудан тыс жұмыстарда жүргізіледі.
Тіл және дін	Шетел деректеріндегі дінтану/ Діни мәтін герменевтикасы на кіріспе	Шетел тілінде кәсіби мақсаттағы мәтіндердерді (сөздіктің көмегімен немесе сөздіксіз) зерттеп, оқи біледі. Білім, ғылым, кәсіби және әлеуметтік-мәдени салаларда ауызша және жазбаша қарым-қатынас құралы ретінде ағылшын, араб тілін еркін меңгереді.	Аудио-видео материалдар, презентация, Kahoot топпен жұмыс жасау, жоба дайындау әдістері алынады.
	Дінтану әдіснамасы/ Дәстүрлі діндер және жаңа діни ағымдар	Дәстүрлі діндер мен жаңа діни ағымдардың пайда болу тарихын біле отырып, олардың өзара байланыстарын түсінеді. Дінтанулық мәселерді шешудің заманауи әдістерімен танысу арқылы нақты мәселені шешуде	Білім алушының жеке сұраныстарына көңіл бөлу, психологиялық және педагогикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында бағыттау,

		өзіндік әдістемелерді ұсына алады.	практикалық баулу іске асырылады.
Жаһандану заманындағы дін	Діни жаһандану және модернизация/ Діни экстремизм: тарихы мен мәні	Пәнді игеру нәтижесінде магистрант жаһандық үдерістердің діни-конфессионалды қатынастарға ықпалын сараптау қабілеттеріне ие болады; қазіргі діни ілімдер мен көзқарастарды және олардың саяси-әлеуметтік аспектілерін тұжырымдайды.	Пәнді оқыту бірнеше методологиялық парадигмаларды қамтиды, теологиялық парадигма жаһандық үдерістерді түрлі діни идеялар мен идеологиялар контекстінде қарастырады.
	Қазіргі шығыстанудағы Құран зерттеулері/ Тафсир ілімінің қазіргі таңдағы мәселелері	Шығыстанушылардың Құранды зерттеуіне түрткі болған діни, саяси, мәдени факторларды талдап, түсіндіре алады. Тафсир ілімінің қазіргі таңдағы мәселелерімен танысады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында оқытудың белсенді және интерактивті формалары және демонстрация, иллюстрация және бақылау тәсілдері қолданылады.
	Діндарлықтың мәдени-философиялық және әлеуметтік-психологиялық өлшемдері/ Дін және руханият психологиясы	Курс барысында магистранттар қазіргі таңдағы өзекті мәселе діндарлық мәселесін түрлі жан-жақты жүйелі зерттеу арқылы қоғамдағы шиеленіскен мәселелерді кәсіби тұрғыдан шешімін ұсынуға құзыреттілікке ие болады. Курста жаңа діндарлық феноменін талдауға, діннің постмодерндік интерпретацияларының қазіргі заманғы діни сенімнің мәнін түсіндіруіне ерекше назар аударылады. Ибраһимдік, үнді-буддистік дәстүрдің психологиялық аспектілерін, атеизм мен зайырлы руханият психологиясын меңгере отырып дінтанулық кәсіби қабілеттер қалыптастырады.	Теориялық курсты оқытуда дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдер негізге алынады.
	Қазақ әдет-ғұрып заңдары мен мұсылмандық	Қазақтың әдет-ғұрып заңдарының ерекшеліктерін, ондағы діни аспектілерін,	Теориялық курсты оқытуда дәстүрлі және инновациялық

	құқық/ Әлемдік діндердегі мораль мәселелері	шариғат нормаларымен қарым-қатынасын ғылыми негізде қарастыруды меңгереді.	әдіс-тәсілдер негізге алынады.
Тағлымда ма және ғылыми-зерттеу	Тағлымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	Тәжірибе алмасу арқылы қалыптасқан жүйені жетілдіруге, толықтыруға қабілетті болады. Магистрлік диссертацияны орындау талаптарымен, кезеңдерімен танысып, жүзеге асыра алады.	Ғылыми ізденісті жүргізу кезеңінде уақытты тиімді пайдаланып, дереккөздерді қолдануға машықтанады. Ғылыми еңбектің мақсаты мен міндетін, жаңалығын, зерттеу әдістерін т.б. меңгереді.
Диссертацияны рәсімдеу және қорғау	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	Диссертацияны рәсімдеу талаптарын меңгереді. Ғылыми ізденісінің нәтижесін ұсынып, өз тұжырымдарын қорғай алу қабілетіне ие болады.	Ғылыми-зерттеу жұмыстарына сараптама, талдау жасайды, жіктейді, топтастырады және қорытынды шығарады.

3.2 Білім беру бағдарламасы нәтижелерінің негізгі құзіреттіліктермен сәйкестендірілу матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13	ОН 14
НҚ1	+		+								+			
НҚ2		+			+			+				+		
НҚ3					+	+								
НҚ4			+			+	+			+				+
НҚ5			+				+	+	+					
НҚ6		+		+		+								
НҚ7	+	+		+										
НҚ8				+	+		+						+	

НҚ – негізгі құзіреттіліктер

ОН – оқыту нәтижелері

3.3 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары

№	Пән коды	Пән атауы	Цикл және компонент	Қорытынды бақылау	Академиялық кредиттер саны	Оқыту нәтижелері
1 семестр						

1	GTF 5201	Ғылым тарихы мен философиясы	БП/ЖК	емтихан	5	ОН 1
2	ShT(К) 5202	Шетел тілі (кәсіби)	БП/ЖК	емтихан	5	ОН 2
3	BP 5203	Басқару психологиясы	БП/ЖК	емтихан	5	ОН 3
4	KDM 5301	Қазіргі дінтанудың мәселелері	БеП/ЖК	емтихан	5	ОН 1
5	IsAB 5304 KDA	Исламдағы ағымдар мен бағыттар/ Қазақстандағы діни ағымдар	БеП/ТК	емтихан	5	ОН 12 ОН 13
6	GZAA 5305 GZUJ	Ғылыми-зерттеу әдістері мен әдіснамасы/ Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	БеП/ТК	емтихан	5	ОН 1 ОН 14
Қорытынды					30	
2 семестр						
1	QZDF 5206 KME	Қазіргі заманғы дін феноменологиясы мен психологиясының өзекті мәселелері / Қасиетті мәтіндер экзегетикасы	БП/ТК	емтихан	5	ОН 5 ОН 10
2	QRDS 5207 DSA	ҚР дінтанулық сараптама мен діни оңалту жұмысын жүргізудің бағыттары/ Дінтанулық сараптама әдістемесі	БП/ТК	емтихан	5	ОН 1 ОН 6 ОН 9
3	QMG 5208 DK	Қасиетті мәтіндердің герменевтикасы/Діни қолжазбалар	БП/ТК	емтихан	5	ОН 7 ОН 14
4	ShDD 5306 DMGK	Шетел деректеріндегі дінтану/Діни мәтін герменевтикасына кіріспе	БеП/ТК	емтихан	5	ОН 7 ОН 10 ОН 14
5	STM 5307 DDJA	Суфизм теориясы мен мәселелері/ Дәстүрлі діндер және жаңа діни ағымдар	БеП/ТК	емтихан	5	ОН 1 ОН 5 ОН 13
6	TOMGZZh	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	МҒЗЖ	есеп	5	

Қорытынды					30	
3 семестр						
1	ZhMP 6204	Жоғары мектептің педагогикасы	БП/ЖК	емтихан	4	ОН 4
2	PP 6205	Педагогикалық практика	БП/ЖК	есеп	1	
3	DATT 6303	Дін антропологиясының тарихы мен теориясы	БеП/ЖК	емтихан	5	ОН 11
4	DZhM 6308 DE	Діни жаһандану және модернизация/ Діни экстремизм: тарихы мен мәні	БеП/ТК	емтихан	5	ОН 8 ОН 9 ОН 13
5	KSHKZ 6309 TIKM	Қазіргі шығыстанудағы Құран зерттеулері/ Тафсир ілімінің қазіргі таңдағы мәселелері	БеП/ТК	емтихан	5	ОН 12
6	DMAPO 6310 DinRP	Діндарлықтың мәдени-философиялық және әлеуметтік-психологиялық өлшемдері/ Дін және руханият психологиясы	БеП/ТК	емтихан	5	ОН 5
7	TOMGZZh	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	МҒЗЖ	есеп	5	
Қорытынды					30	
4 семестр						
1	ZP 6302	Зерттеу практикасы	БеП/ЖК	есеп	4	
2	QAGZMH 6311 ADMM	Қазақ әдет-ғұрып заңдары мен мұсылмандық құқық/ Әлемдік діндердегі мораль мәселелері	БеП/ТК	емтихан	4	ОН 6 ОН 8
3	TOMGZZh	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	МҒЗЖ	есеп	14	

4	MDRK	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	КА	ДЖ қорғау немесе кешенді емтихан	8	
Қорытынды					30	
ЖАЛПЫ БАРЛЫҒЫ					120	